



11 января 2012 г.

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Заключен меморандум о сотрудничестве в реализации социальных проектов между корпорацией ENRC и акиматом Карагандинской области на 2012 год

ENRC (Евразийская корпорация природных ресурсов) и акимат Карагандинской области заключили меморандум о взаимном сотрудничестве в реализации социальных проектов на 2012 год. Соответствующий документ подписали Главный исполнительный директор ENRC PLC Феликс Вулис и аким Карагандинской области Серик Ахметов.

По традиции сторонами был отобран ряд приоритетных направлений, требующих поддержки крупного бизнеса. В частности, корпорация продолжает финансирование проектов, направленных на развитие здравоохранения, образования, культуры и спорта, а также на поддержку незащищенных слоев населения. Общая сумма меморандума составила 723,3 млн тенге. Финансирование будет осуществлено корпоративным фондом «ENRC Көмек» и АО «ТНК «Казхром», входящим в состав ENRC.

Так, почти 187 млн тенге будут направлены на финансирование детской команды футбольного клуба "Шахтер" и стипендии пяти ведущим спортсменам области. Больницы г. Каражал и пос. Жайрем будут обеспечены автотранспортом и медицинским оборудованием на сумму 30 млн тенге.

Кроме того, на реализацию ряда социальных проектов непосредственно в гг. Караганда и Каражал, Нуринском и Жанааркинском районах будет направлено более 120 млн тенге. В их числе – проекты по развитию инфраструктуры населенных пунктов, а также капитальный ремонт детского сада в пос. Киевка, строительство спортивных площадок в пос. Атасу, благоустройство пос. Киевка, адресная помощь ветеранам войны и труда и приравненным к ним лицам.

Также продолжится строительство музея Первого Президента РК в г. Темиртау, на что предусмотрено 300 млн тенге.

Как отметил г-н Вулис: «Карагандинский регион и ENRC связывает многолетнее партнерство. Корпорация и далее будет добровольно принимать на себя обязательства в целях дальнейшего развития крупнейшей области страны и благополучия ее жителей».

Уже на протяжении девяти лет ENRC ежегодно финансирует наиболее значимые социально-экономические проекты в четырех регионах страны, где расположены предприятия Группы. В 2011 году суммарная стоимость проектов в рамках четырех меморандумов составила 5 млрд тенге.

Ранее ENRC подписала меморандумы о сотрудничестве на 2012 год с акиматом Актюбинской области. На очереди – заключение аналогичных соглашений с исполнительными органами Павлодарской и Костанайской областей.

За дополнительной информацией просим обращаться:

ENRC Казахстан, г. Астана,
Департамент корпоративных коммуникаций
т/ф. +7 (7172) 59 21 53
press@kz.enrc.com

ENRC PLC, г. Лондон
Юлия Кальчева
Зам. главы отдела по связям с общественностью
т/ф. +44 (0) 20 73891861
julia.kalcheva@enrc.com

О ENRC PLC

ENRC является ведущей диверсифицированной группой компаний в сфере добычи и обогащения полезных ископаемых с интегрированными горнодобывающими, перерабатывающими, энергетическими, транспортными и маркетинговыми предприятиями.

Производственные активы Группы находятся в основном в Республике Казахстан и включают: ТНК Казхром, Жайремский ГОК, Соколовско-Сарбайское горно-обогатительное производственное объединение (ССГПО), Аллюминий Казахстана, Казахстанский электролизный завод (КЭЗ), Евроазиатскую энергетическую корпорацию (ЕЭК) и ENRC Logistics.

Другие активы, прежде всего Подразделения прочих цветных металлов, в основном расположены в Африке и включают в себя медные и кобальтовые активы компаний Boss Mining, SMKK, Chambishi Metals PLC и 50,5% акций Camrose Resources Limited (Camrose).

В ENRC также входят Серовский завод ферросплавов в России, Bahia Minerals BV и Mineração Minas Bahia SA (MIBA), проекты по разведке железной руды в Бразилии, а также 50% акций Xinjiang Tuoli Taihang Ferroalloy Company в Китае (Туоли) и 14,35% акций Northam Platinum Limited, одного из лидирующих производителей платины в Южной Африке.

ENRC входит в список FTSE 100. На данный момент в Группе работают более 70 000 человек, из которых 65 000 – в Казахстане.

11 қаңтар 2012 ж.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

ENRC корпорациясы мен Қарағанды облысы әкімдігі арасында 2012 жылы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру туралы меморандум жасалды

ENRC (Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясы) және Қарағанды облыстық әкімдігі арасында 2012 жылы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру туралы меморандум жасалды. Тиісті құжатқа ENRC PLC бас атқарушы директоры Феликс Вулис және Қарағанды облысының әкімі Серік Ахметов қол қойды.

Әдеттегі үрдіс бойынша тараптар ірі бизнестің қолдауын талап ететін басым бағыттарды іріктеді. Оның ішінде корпорация денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт, сондай-ақ тұрғындардың аз қамтылған бөлігіне қолдау көрсетуді дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыруды жалғастыруда. Меморандумның жалпы сомасы 723,3 млн теңгені құрады. Қаржыландыру ENRC құрамына кіретін «Қазхром» ТҰК» АҚ және «ENRC Көмек» Корпоративтік қоры арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, 187 млн теңгедей қаржы "Шахтер" футбол клубының балалар командасын және облыстың бес жетекші спортшысының шәкіртақысына бағытталады. Қаражал қаласы және Жайрем поселкесінің ауруханалары автокөлік және медициналық жабдықтармен 30 млн теңгеге қамтамасыз етіледі.

Сонымен бірге, бірқатар әлеуметтік жобаларды тікелей жүзеге асыру үшін Қарағанды және Қаражал қалалары, Нұра және Жаңаарқа аудандарына 120 млн астам теңге бөлінеді. Олардың ішінде – елді-мекендерді инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ Киевка поселкесінің бала-бақшасына күрделі жөндеу жүргізу, Атасу поселкесіндегі спорт алаңқайларының құрылысы, Киевка поселкесін абаттандыру, соғыс және еңбек ардагерлеріне, олармен теңестірілген тұлғаларға атаулы көмек бойынша жобалар.

Сонымен қатар, Теміртау қаласындағы ҚР Тұңғыш Президентінің мұражайының құрылысы жалғастырылуда. Оған 300 млн теңге қарастырылған.

Вулис мырза айтқандай: «ENRC мен Қарағанды өңірін көп жылғы серіктестік байланыстырады. Корпорация елдің ірі облысын және оның тұрғындарының әл-ауқатын одан әрі жақсарту мақсатында алдағы уақытта да ерікті түрде өзіне міндеттемелер алады».

Міне, тоғыз жыл бойына ENRC Топтың кәсіпорындары орналасқан елдің төрт аймағында мейлінше маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларды жыл сайын қаржыландырып келеді. 2011 жылы төрт меморандум аясындағы жобалардың жалпы құны 5 млрд теңгені құрады.

Бұрын ENRC Ақтөбе облысының әкімдігімен 2012 жылы іскери ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Ендігі кезекте – Павлодар және Қостанай облыстарының атқарушы органдарымен осыған ұқсас келісімдер жасау тұр.

Қосымша мәліметтер үшін:

ENRC Қазақстан, Астана қ.,
Корпоративтік коммуникациялар Департаменті
т/ф. +7 (7172) 59 21 53
press@kz.enrc.com

ENRC PLC, Лондон қ.
Юлия Кальчева
Жұртшылықпен байланыс бөлімі басшысының орынбасары
т/ф. +44 (0) 20 73891861
julia.kalcheva@enrc.com

ENRC PLC туралы
(Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясы)

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші әртараптандырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, көлік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: «Қазхром» ТҰК, Жәйрем КБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), «Қазақстан алюминийі», Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, SMKK және Chambishi Metals PLC компанияларының мыс пен кобальт активтері және Camrose Resources Limited (Camrose) компаниясының 50,5 % акциялары бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Minerao Minas Bahia SA(MIBA) жобаларына, Қытайдағы (Туоли) Xinjiang Tuoli Taihang Ferroalloy Company акциясының 50%-ына және Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 14,35% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 70 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 65 000-ы Қазақстанда.